

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

ОҚУ ҮРДІСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Самед Бекболат Маратұлы

samed.b.m@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 7М01524 – Географияпедагогтерін даярлау
мамандығының 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Озгелдинова Жанар Озгелдиновна, PhD, қауымдастырылған
профессор

Біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңі - ақпараттық кезеңге толықтай көшіп келеді, бұл кезең, компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар мұғалім қызметінің барлық саласына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. Қазіргі кезде білім кеңістігін заманға сай ақпараттық технологияларсыз елестету мүмкін емес.

Оқу үдерісінде, ғылыми-зерттеу және басқару қызметінде жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану, әлемдік білім кеңістігіне толығымен еніп, халықаралық деңгейге көтерілуде білім беру үдерісіне ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жетістіктерін енгізу қоғамды дамытудың жоғары тиімді технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады.

Білімді ақпараттандыру күрделі де көп қырлы үдеріс болып табылады, оның сәтті жүзеге асуы білім мекемелерін компьютерлендіруге ғана емес, білім беруді ақпараттандыруды қамтамасыз ету әдістемесіне, ғылым мен тәжірибенің өзара байланысына да тәуелді. Бұл ғалымдар мен педагогтардың, психологтар мен әдіскерлердің, бағдарламашылар мен ақпараттық - коммуникативтік технологиялар саласы мамандарының күш - жігерін жан - жақты жұмылдыру уақытының келгенін көрсетеді.

Бір сөзбен «Ақпараттық – коммуникативтік технологиялар (АКТ)– жеке тұлғаға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беретін маңызды жүйе» деп айтуға болады. Осыған орай бүгінгі ұстаздардың алдында оқушыға білім, білік, дағдыларын игертіп қана қоймай, қабылдауын, ойлауын, ерік - жігерлерін, яғни өз бетімен жұмыс жасай білетін, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дамыту міндеттері тұр. Ғалымдардың пікірінше АКТ - ны екі бөлікте сипаттайды:

- 1) Компьютерлік бағдарламалар;
- 2) Желілік қызмет.

Әр бөліктің атқаратын қызметтері төменде көрсетілген.

Жалпы білім берудің мақсаты – терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін - өзі дамытудағы адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдерді қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болса, ақпараттандыру жолының басты мақсаты:

- оқыту үрдісін ақпараттандыру,
- электрондық оқулықтардың құрылымын жасақтау,
- педагогтардың ақпараттық құзіреттілік біліктілігін арттыру,
- техникалық және бағдарламалық қамсыздандыру,
- әлемдік білім беру кеңістігіне ену болып отыр.

Бірақ бұл мақсатқа жетудің ең басты міндеті –

- білім беруді ақпараттандыруды дамыту тенденцияларын зерттеу және оған сәйкес мазмұнын анықтау;
- педагог мамандарды ақпараттық - коммуникациялық технологияны өз қызметтеріне енгізуге байланысты ұйымдастыру жүйесін жасау.

- ақпараттық - коммуникациялық технологияны білім мекемелерінің оқыту үрдісіне енгізу бойынша педагог мамандардың іс - тәжірибесін тарату [1].

Бұл тақырыптың бүгінгі таңдағы өзектілігі: білім беру саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыруы, қазіргі заман талабына сай ақпараттандыру қоғамының жаңа талаптарын орындауы, оқыту үрдісінде ақпараттық технологиялардың қолданылу аясының кеңеюі, оқуға деген қызығушылық қарқынының азаюынан туындап отыр. Осы маңыздылықты басшылыққа ала отырып, АКТ - ның көмегімен сабақты қалай өткізуге және не істеуге болады деген сұраққа, іс тәжірибеде мынадай бағыттар ұсынылады:

- Иллюстративті көрнекіліктер мен плакаттар дайындау,
- Ақпараттық видеороликтерді құру және көрсету,
- Сабақты бекіту, білімді тексеру және түсіндіру,
- Рефераттар, баяндамалар дайындау және презентациялар құру,
- Кез - келген сабақтың түрін және семинар, ғылыми конференциялар өткізу,
- Зертханалық жұмысқа дайындық немесе виртуалды зертханалық жұмыс жасау,
- Сабаққа дайындалуға қажетті ақпараттарды интернет беттерінен іздеу.
- Қашықтықтан оқыту жүйесін пайдалану.

АКТ келешек ұрпақтың жан - жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашуына тигізер пайдасы аса мол. Мектептегі оқыту пәндерінің ішіндегі күрделісі әрі қиындығы мол деп саналатын пәндердің бірі – география. Ол оқушылардың интеллектуалдық, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға толығымен ықпал жасайды. Коммуникативтік технологиялардың әр түрлі тәсілдерін қолдануда география және информатика пәнін оқытудың тығыз байланысты бірнеше ерекшеліктерін атап өтейік:

1. Ақпараттық - коммуникативтік технологиялар үш бағытта қарастырылады: оқыту объектісі, оқыту құралы және болашақ кәсіптік - педагогикалық әрекетінің құралы;

2. АКТ - ды оқыту үрдісінде қолдану оқу әрекетіндегі әрбір оқушының түрлі мақсаттарын, мотивтерін, қызығушылығын іске асыруға көмектеседі;

3. АКТ - лар оқу әрекетіндегі оқушылардың өзіндік іске асыруын, өзіндік ұйымдастыру қабілетін, белсенділік, шығармашылық үшін жаңа мүмкіндіктер беретін өнімді ақпараттық оқыту өрісін құруға көмектеседі;

4. АКТ - лар информатиканың жобалау әдісін оқытудағы педагогикалық технологиялардың бірі ретінде қолдануға көмектеседі [2].

Алайда мұндай ерекшеліктермен қатар АКТ - мен жұмыс істеу барысында кездесетін кемшіліктерді де атап өткен жөн. Оқушылардың компьютермен жұмыс істеуде уақытын шектемеуі, дәлірек айтқанда қауіпсіздік техникалық ережелерді сақтау керек. Сонымен бірге көп жағдайда компьютерлік желі сервистеріндегі адам тәртібінің ережелері сақтала бермейді, яғни желілік этикет ережесін сақтау керек. Осындай кемшіліктердің алдын алып, оқушылар ауқымды желіде өздеріне қажет ақпараттарды алып, өз білімдерін толықтырып, ауқымды желі мүмкіндіктерін тиімді пайдалануларына болады.

Сабақ өткізілетін сыныптарда үнемі сабақты түсіндіруде түрлендіріп отыруға болады. Мысалы, электрондық кестелер мен тірек сызбаларды пайдаланумен бірге ақпараттық видеороликтерді мультимедиялық бағдарламаның көмегімен құрып көрсетуге болады. Білімді бақылау мен талдау әдістерінің бірі – тест тапсырмаларын құрастырып оқушылар әр тарауды пысықтағанда және білімді бекітуде қолданылады.

Оқушылардың жеке және топтық жұмыстануымен бірге, сонымен қатар экранға немесе интерактивті тақтаға мультимедиялық проектор көмегімен проекцияланатын көрнекі - демонстрациялық қосымшаларды пайдаланып өткізілетін сабақ формалары қолданылады. Сынып ішіндегі жергілікті желіні пайдалану арқылы, оқушылар бір - бірінің жұмыстарын сараптап, тапсырманы орындап болған оқушының дайын қорытынды жұмысын тақта арқылы көрсетуге болады. Сонымен бірге топтық және жеке жұмыс үлгілерін сәйкестендіріп, алдын - ала дайындап қоюға да болады.

Қашықтықтан оқытудың тиімділігі мектептегі мүмкіндігі шектеулі балалар үшін маңызы өте зор. Сабақты үйден оқитын оқушылар толығымен компьютерленіп, жоғары жолақты интернет желісі қолданылады. Сол оқушылардың сынып оқушыларымен еркін сөйлесуіне жағдай жасалып, веб камерасы арқылы сабақты түсіндіріп, сынып оқушыларының түсіндірген сабақтарына бірге атсалысып отырады. Сонымен бірге электронды пошта арқылы берілген тапсырмаларды орындап, мұғалімге жібереді. Оқушының жұмысы тексеріліп, қосымша тапсырмалар алуына еркін жол ашылды [3].

Ақпараттық технологияларды тәжірибе жүзінде пайдалану жолында арнайы білім беру мақсатында жаңа пән – информатика сабағы соңғы 20 жыл көлемінде оқылып келеді. Оның орта білім жүйесіндегі алатын орны қазіргі ақпараттық қоғамдағы кәсіби қызметінің негізі болып табылатын әлемнің ақпараттық – жүйелік бейнесін жасау, ақпараттық орта мен адамның тиімді қарым – қатынасын қалыптастыру сияқты мәселелермен анықталып келеді. Осыған қоса қазіргі кезде педагогикалық ғылым саласында да оның әдіснамасы мен парадигмасын жетілдіруге қажет тереңдетілген әлеуметтік өзгерістер болып жатыр.

Бүгінгі күні білім беру жүйесін ақпараттандыру ісінің басты мақсаты – заман талабына байланысты ақпараттық қоғамның шарттарына сәйкес оқушыларды тұрмыстық, қоғамдық және кәсіптік өмір салаларына толық әрі тиімді түрде араластыру болып табылады. Ақпараттандыру ісінде білім жүйесінің адамзат тіршілігінің барлық әлеуметтік аймақтармен әрекеттесуі және олардың бір – біріне әсер етуі толық бейнеленеді. Мұнда білім беру ісінің өзі де күрделі құрылымнан тұратын жүйе ретінде қарастырылады [4].

Осындай күрделі жүйенің бір-бірімен және қоғамдық өмірдің басқа аймақтарымен де тығыз байланысқан бес бөліктен тұратыны айқындалды; олар: теориялық – методологиялық, педагогикалық, экономикалық, ұйымдастырушылық және технологиялық жүйелер. Сол себепті қазіргі кезде білім саласындағы ең өзекті мәселеге ақпараттық технологияларды пайдаланудың техникалық жағы емес, керісінше оның ұйымдастырушылық, әлеуметтік және педагогикалық жақтары айналып отыр.

Қазіргі ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану негізінде жаңа педагогикалық әдістерді қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесін ақпараттандыруды зерттеу істері оқулықтар шығарумен қатарласа немесе оның алдында атқарылуы керек болып табылады.

Заман талабына сай күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Бұндай қондырғылар студенттердің қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдаумен қатар, түсінбей қалған сәттерін қайталап көруге, тыңдауға және алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді. Студенттердің өздері де алынған ақпаратты көшіріп алып (дискетке, бейне таспаға) онымен өз ыңғайына қарай жұмыс істей алады.

Әсіресе, олардың тиімділігі:

1. Қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
2. Қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
3. Экономикалық тиімділігі (бару, келу, тұрмыс тауқыметі т.с.с. материалдық шығынды қажет етпеу);
4. Білім сапасына әсері зор. Әсіресе, тіл сабақтарын игеруге (ағылшын, орыс, қазақ т.с.с. тілдерді) айқын сезіледі;
5. Іс - әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйренуге (би өнері, қол еңбек, дене шынықтыру сабақтары т.с.с.);
6. Қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақпен есту мүмкіндіктер болмайтын табиғаттың таңғажайып үрдістері мен әртүрлі физикалық, химиялық, биологиялық тәжірибе нәтижелерін көріп, сезінуге мүмкіндік береді;
7. Студенттің ой - өрісін, дүниетанымын кеңейтуге де, ықпалы зор (теледидардағы ғылыми – көпшілік, рухани, тарихи танымдық хабарлар мен компьютерлік жүйедегі шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ т.с.с. логикалық ойындар) [5].

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде электрондық байланыс жүйелерінде ақпарат алмасу интернет, электрондық почта, телеконференция, видеоконференция, телекоммуникациялық жүйелер арқылы іске асырылуда. Бірақ кез – келген жаңалықтың жақсылығымен қатар зияны да болатыны да белгілі. Мұндағы ең басты назар аударарлық мәселе: олардың ара салмағы мен кемшілігін түзеп, зиянын жойып, артықшылығын жетілдіру болып табылады.

Қазіргі ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану негізінде жаңа педагогикалық әдістерді қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесін ақпараттандыруды зерттеу істері оқулықтар шығарумен қатарласа немесе оның алдында атқарылуы керек болып табылады [6].

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) қазіргі ақпараттық әлемде ерекше орын алады. Компьютерді иелену дағдылары, күнделікті жұмыста АКТ пайдалана білуі, WWW (Интернетпен) жұмыс істеу, теориялық информатика негіздерін білу, мектеп түлектерінің ақпараттық мәдениеті, адамзат қолындағы электрондық ақпараттық ресурстарды жасау және пайдалана білу – жаңа ғасырдың артықшылығы болып табылады.

Білім беруді ақпараттандырудың негізгі бағыттары:

- әдіснамасын жетілдіру мен стратегиялық мазмұнын таңдау;
- әдістері мен формаларын ұйымдастыру;
- қоғамды ақпараттандырудың қазіргі жағдайында тұлғаны тәрбиелеу мен дамыту;
- оқытудың әдістемелік жүйесін жасау;
- оқушының интеллектуалдық әлеуетін дамытуға бағыттау;
- өз бетімен білім алу біліктілігін қалыптастыру;
- ақпараттық – оқу, эксперименттік – зерттеу қызметінің өз бетімен түрі іс - әрекеттерін жүзеге асыру;
- тестілік, диагностикалық бақылау әдістері мен оқушылардың білім деңгейін бағалау [7].

Болашақта Қазақстанда білім беру жүйесін ақпараттандыру телекоммуникациялық желілерді жасау және дамыту болып табылады. Ал білім беру жүйесінің негізгі міндеттері біртұтас телекоммуникациялық желіні құру және дамыту арқылы жүзеге асырылады.

Білім беруде АКТ - ны пайдалану мен оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай АКТ - ны, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. АКТ - ны сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды [8]. Сонымен қатар АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында мектеп оқушыларының оқуға, білім алуға деген ұмтылысының артуы АКТ құралдарымен жұмыс істей алу жаңалығымен ғана емес, сонымен берілетін оқу тапсырмаларын қиындық деңгейі бойынша реттей алу мүмкіндігінен, тапсырманың дұрыс нәтижесі үшін марапаттай алу қызметінен де байқалады. Заманауи АКТ құралдарымен жұмыс істеу оқушыларды ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аудара білуге баулиды, сондай - ақ, АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында оқушылардың өзінің жеке іс - әрекетін дұрыс жоспарлауға, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді [9].

Қорыта айтқанда, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сабақта қолдану - бұл оның нәтижелігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден – бір жолы, ал ол өз кезегінде бірлесе жұмыс жасауға, адами қарым – қатынастарға себепкер болады.

Оқытуға жаңашыл көзқарасты қолдану, тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады, сондай-ақ оның сапасы алынған білімнің нақты жағдайда мақсатқа жетумен қатар өмірдің сапасын көтеруде үлкен сұранысты қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. [Петр Брусилковский \(2003\). «Интернетке негізделген бейімделгіш және интеллектуалды білім беру жүйелері»](#). Білім берудегі жасанды интеллекттің халықаралық журналы. 13 (2–4): 159–172.
2. «Студенттік модельдеудің ұсынылған студенттер моделі алгоритмі және оны бағалау». [doi:10.1109 / SICE.1995.526704](#).
3. Современные образовательные технологии: учебное пособие / под ред. Н. В. Бордовской. М.: КНОРУС, 2011. 432 с.
4. Государственная программа развития системы образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы (Указ Президента РК №1118 от 7.12.2010г).
5. Тихомирова Н.В. Глобальная стратегия развития smart-общества. МЭСИ на пути кSmart-университету. – Режим доступа: [http:// smartmesi.blogspot.com/2012/03/smart-smart.Html](http://smartmesi.blogspot.com/2012/03/smart-smart.Html).
6. Гуслова, М. Н. Инновационные педагогические технологии : учеб, пособие для сред. проф. образования [Текст] / М.Н. Гуслова. - М.: Академия, 2010.
7. Селевко, Г.К. Современные образовательные технологии [Текст] / Г.К. Селевко. - М.: ПОСТМЕТОДИКА, 1998. - 159 с.
8. Сатунина, А.Е. Технология обучения, технология образования, образовательная услуга: диалектика понятий [Текст] / А.Е. Сатунина // Современные наукоемкие технологии. - 2016. - №4. - С. 73-74.
9. Беспалько, В.Г. Педагогика и прогрессивные идеи обучения [Текст] / В.Г. Беспалько. - М, 1995.

ӘӨЖ 911.2:81`373.21

ЫРҒЫЗ АУДАНЫНЫҢ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Сапарбекова Диана Алтынбекқызы, Төлеген Асылжан Тельманқызы

saparbekova.da@mail.ru

«5В060900 – География» мамандығының 4 курс студенттері,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – г.ғ.д., профессор, Сапаров Қ.Т.

Ырғыз ауданы – Ақтөбе облысының оңтүстік - шығысында орналасқан. Аумағы - 41,5 мың км². Жалпы, облыс аумағының 13,7%-ын құрайды. Жер көлемі жөнінен Ақтөбе облысы бойынша Шалқар және Байғанин аудандарынан кейінгі үшінші орында. Аудан солтүстік-шығысында Қостанай облысымен (240 км), шығысында Ұлытау облысының Ұлытау ауданымен (170 км), оңтүстігінде Қызылорда облысының Арал ауданымен (140 км), оңтүстік-батысында Ақтөбе облысының Шалқар ауданымен (220 км), солтүстігінде Әйтеке би ауданымен (300 км) шектеседі (сурет-1).

Ырғыз ауданының сыртқы шекарасының ұзындығы - 1070 шақырым. Ауданның шеткі нүктелері бойлық бойынша 60°30'-60°20' аралығында, ал ендік бойынша 47°05'-49°05' аралығында орналасқан. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 250 км-ге, солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай 160 км-ге созылып жатыр.

Ауданның жер бедері солтүстіктен оңтүстікке қарай еңістеу. Жер бедерінің ерекшелігіне қарай 2 геоморфологиялық ауданға бөлінеді. Бірінші геоморфологиялық аудан, теңіз деңгейінен 200-250 м биіктікте орналасқан Мұғалжар тауының сілемдері. Ырғыз өзенінің оң жағалауындағы бұл жалпақ үстірт терең аңғарларға тілімденген. Бір-бірімен тізбектелген Сарыбастөбе (биіктігі 205 м), Мәні әулие (211,8 м), Темірастау (241 м), Сарысай (275 м), Бөкенбай шоқысы (240,3 м), Суықбет (240,5 м), Қабанқұлақ (213 м) таулары Айырқызыл құмына дейін жалғасып, аудан территориясының 150 шақырымға созылып